

## Түркісіб селосындағы Мектеп көшесінің атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Бесағаш селолық округі әкімінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 40 Шешімі. Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 01 қазанда 96 нөмірімен тіркелді

*Р Қ А О е с к е р т п е с і .*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Бесағаш селолық округіне қарасты Түркісіб селосындағы Мектеп көшесінің аты Асабаев Жүністің атындағы көше болып өзгертілсін.
2. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап өз күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бесағаш селолық округінің әкімі*                      *Т. Кожабаяев*